

## Маңғыстау облысы бойынша қоршаған ортаны ластағаны үшін 2007 жылға арналған төлемдердің ставкалары туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2006 жылғы 29 қарашадағы N 18/335 шешімі. Маңғыстау облыстық әділет Департаментінде 2006 жылғы 26 желтоқсанда N 1960 тіркелді

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 5-тармағына және "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Маңғыстау облысы бойынша қоршаған ортаны ластағаны үшін 2007 жылға арналған төлемдердің ставкалары облыстағы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі өкілетті орган - Маңғыстау облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы жасаған есептеулердің негізінде бекітілсін (NN 1, 2 қосымшалар).

2. Осы шешім 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Т ө р а ғ а л ы қ е т у ш і ,*

*облыстық мәслихат хатшысы*

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң  
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 9 қ а р а ш а д а ғ ы  
N 18/335 шешіміне 1-қосымша

### Маңғыстау облысы бойынша қоршаған ортаны ластағаны үшін 2007 жылға арналған төлемдердің ставкалары

N	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі (тонна)	Нормативтік төлем (теңге)
1.	Атмосфераға стационарлық көздерден шығарылған ластағыш заттар*	Шартты белгілер	1477,0
2.	Қоршаған ортаға төгілген ластағыш заттар:		
	су нысандарына төгілген ластағыш заттар	Шартты т.	21815,0
	булану, сүзу алаңдарындағы төгінділер	Шартты т.	9358,0
	құрамдас бөлігі белгісіз ақпа сулар төгіндісі**	м <sup>3</sup>	28,0
3.	Атмосфераға жылжымалы көздерден шығарылған ластағыш заттар:		
	этильденбеген бензин үшін	Физ.т.	507,0
	дизельдік отын үшін	Физ. Т.	406,0
	сұйытылған газ	Физ.т.	340,0

4.	Өндірістік және тұтыну қалдықтарын полигондарға, рұқсат етілген күл-қоқыс үйінділері мен арнаулы бөлінген орындарға орналастыру:		
	аса қауіпті қалдықтар - 1 сынып	Физ.т.	12120,0
	жоғары қауіпті қалдықтар - 2 сынып	Физ.т.	6060,0
	орташа қауіпті қалдықтар - 3 сынып	Физ.т.	1515,0
	қауіптілігі аз қалдықтар - 4 сынып	Физ.т.	757,0
	усыз қалдықтар - 5 сынып	Физ.т.	378,0
5.	Қайта өңдейтін технологиясы жоқ, қоршаған ортаға радиоактивті қалдықтарды орналастыру:		
	трансуранды қалдықтар	ГБК	1010,0
	альфа-радиоактивті қалдықтар	ГБК	505,0
	бета-радиоактивті қалдықтар	ГБК	50,0
	ампульді (жабық) радиоактивті көздер***	ГБК	505,0

\* - қоршаған ортаны басқару жүйелерінің ИСО 14001 стандартына сәйкес сертификатталған жылу электр станциялары және қазандықтарға ластағыш заттар үшін төлем төмендетілген - 0,12 коэффициенті қолданылады;

\*\* - айыппұл санкциясын салу үшін төлем;

\*\*\* - төлем ставкасы қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2006 жылдың 04 қазанында бекітілген "Қоршаған ортаны ластағаны үшін 2007 жылға арналған төлемдердің базалық ставкаларын бекіту туралы" N 295-П бұйрығынан, ҚР Әділет министрлігінде 01.11.06 ж. N 4443 болып тіркелген, алынған.

**Ескерту:** "Қошқар Ата" қалдықтар қоймасының су деңгейін қалыпты ұстауға қолданылатын ақпа сулардың төгінділері үшін нөлдік ставка қолданылады.

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 9 қ а р а ш а д а ғ ы

N 18/335 шешіміне 2-қосымша

**Маңғыстау облысы бойынша қоршаған ортаны ластағаны үшін 2007 жылы мұнай-газ саласы кәсіпорындары төлейтін қосымша ставкалар**

N	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі (тонна)	Нормативтік төлем (теңге)
1.	Газ алауларын жағудан атмосфераға ластағыш заттардың таралуы	Шартты т.	27620, 0
2.	Өндіріс қалдықтары мен қоқыстарды полигондарға, рұқсат етілген және арнайы бөлінген жерлерге орналастыру:		
	бұрғылау жұмыстарының қалдықтары	Физ. т.	3540,0
	қара металл сынықтары	Физ. т.	3540, 0
	мазут төгіліп, топырақтың бүлінуі	Физ. т.	7080,0
	мұнай қалдықтары	Физ. т.	14160,0

АСПО	Физ. т.	28340,0
шикі мұнай	Физ. т.	56640,0
шамалы радиоактивті қалдықтар	Физ. т.	105500,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК